

С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Зерттеу Университеті

ӘОЖ 34:378 (043.3)
Б46

Қолжазба құқығында

БЕРМУХАМБЕТОВА БОТАГОЗ БУЛАТОВНА

**Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің
құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары**

6D012000-Кәсіптік оқыту

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Мусалимов Т.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Барков В.А

Қазақстан Республикасы
Астана, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелуі.....	15
1.2 Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары	23
1.3 Заманауи жоғарғы техникалық білім беру жағдайында құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктері.....	33
2 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ	45
2.1 Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	45
2.2 Жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	51
2.3 Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі	62
3 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС	72
3.1 Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайы	72
3.2 Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі	83
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері	97
ҚОРЫТЫНДЫ	109
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	113
ҚОСЫМШАЛАР	121

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (01.09.2022 өзгерістер мен толықтыртырулар).

2. «Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасында Жоғарғы білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары: утв. 2011 жылғы 20 сәуір №152.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы».

6. Ұлттық біліктілік шеңбері, 2016 жылғы 16 наурыздағы Республикалық үшжақты комиссияның әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі хаттамасымен бекітілген / қол жеткізу режимі: <http://www.enbek.gov.kz/ru/node/348943>

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Құзыреттілік – интегративті, көп компонентті құбылыс, маманның кәсібилігі мен шеберлігінің көрсеткіші.

Құзыреттілік тәсіл - білім берудің нәтижелеріне басымдық бағдары: қажетті жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, өзін-өзі анықтау, әлеуметтену, даралықты дамыту және өзін-өзі белсендендіру.

Құзыреттілік - теориялық білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі бір дағдылар мен іс-әрекеттерге дайындық дәрежесін білу.

Кәсіби құзыреттер – проблемаларды тұжырымдауға, міндеттер қоюға, оларды шешу жолдарын анықтауға, жоспарлар әзірлеуге және олардың педагогикалық қызметтің әртүрлі салаларында орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құзыреттер.

Құқықтық құзыреттілік – педагогикалық қызметте билік органдарының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін педагог әрекеттерінің сапасы; жергілікті құқықтық актілерді әзірлеу; қолданыстағы заңнамалық база шеңберінде шешімдер қабылдау.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Педагогтің кәсіби стандарты – білім бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде білім ұйымдарының қызметкерлерін оқытуға, білім ұйымдарының бітірушілері мен қызметкерлерін сертификаттауға арналған.

Тайм-менеджмент – уақытты ұйымдастыру және оны пайдалану тиімділігін арттыру.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

ҚР -	Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖЖБМ -	Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғарғы білім министрлігі
ҚР ОАМ -	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
ҚР МЖМБС -	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОО -	Жоғарғы оқу орны
ЕО -	Еуропа Одағы
ЭЫДҰ –	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЮНЕСКО –	Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын ұйымы
БҰҰ -	Біріккен Ұлттар Ұйымының
БТ -	Бақылау тобы
ЭТ -	Эксперименттік топ
ОӘК –	Оқу-әдістемелік кешен
ЖИ –	Жасанды интеллект
ОҚ -	Оқу құралы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Техникалық жоғарғы оқу орындарында студенттерінің құқықтық құзыреттілігі бірқатар теориялық зерттеулердегі ғылыми талдау пәні ретінде пікірталас мәселелерін туғызып отыр. Бұл, ең алдымен, студенттердің құқықтық мәдениетінің философиялық, педагогикалық және құқықтық табиғатын, оның қалыптасуы мен жетілу сипатын, оны бағалаудың объективтілігі мен құрамдас сипаттамаларын анықтайтын мәселелер.

«Құқықтық құзыреттілік» ұғымы оның мазмұны бойынша өте терең. Бұл қазіргі қоғамның құқықтық және білім беру аспектілерін біріктіретін ерекше құбылысы: құқықтық қатынастар, құқықтық сана, құқықтық қабілет, заңды тұлға. Бұл тұжырымдама бүкіл қоғамның құқықтық мәдениетінің көрсеткіші ретінде қоғамның құқықтық жетілу дәрежесін, оның мәдени-құқықтық тұтастығы мен өркениетін анықтайды.

Еліміздің үнемі дамып келе жатқан заңнамасы жағдайында барлық деңгейдегі мамандарды (техникалық, педагогикалық, заң, әлеуметтік жоңары оқу орындарында) құқықтық даярлау проблемасына назар аудару өте маңызды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2024 жылы 1- қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек» деген болатын [1]. Техникалық жоғарғы оқу орындарында маман даярлау өзекті болғанымен кәсібиліктерін арттыруда, жеке қабілеттерін дамытуда біршама ізденістер мен жаңалықтарды қажет ететіндігін көрсететді. Құқықтық құзыреттіліктің негізі құқықты, сондай-ақ оларға сәйкес әрекеттерді білу және түсіну жүйесі болып табылады. Азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясат халықтың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыруға, заңды құрметтеуге, әлеуметтік мінез-құлықтың басым үлгісі ретінде адалдық қалыптастыруға бағытталған.

Техникалық жоғарғы оқу орны студенттерін қазіргі жағдайда мемлекеттің құқықтық саясатының белсенді қатысушысы ретінде қарастыра отырып, олардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру қажеттілігін іске асыру оның құқықтық құзыреттілігімен байланысты. Техникалық жоғарғы оқу орындарында студенттерінің құқықтарын мүлтіксіз сақтау, өздерінің мүдделерін қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негіздерін түсіну талап етіледі. Тек осы жағдайда ғана студенттер құқықтық қатынастарға қатысудың оң тәжірибесін игере алады, заңды мінез- құлықтың жеке мағынасын түсінеді, әлеуметтік маңызды құқықтық бағдарларға ие болады. Алайда, әртүрлі дереккөздерді талдау кезінде, көбінесе, техникалық жоғарғы оқу орны студенттерінің өзі құқықтық мәртебесін анықтайтын және білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың қарапайым мазмұнын білмейді, құқық

бұзушылықтарды байқамай және олардың әрекеттерінің заңсыздығын білмей, заңды маңызды жағдайларда интуитивті түрде әрекет ететіні белгілі болды.

Қазақстандық қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістерге байланысты өндіріс талаптарына дайындықтың нақты бағыты мақсатында білім беру жүйесі мен кәсіптік орта арасындағы қатынастарды терең трансформациялауды жүргізу қажет болды. Техникалық мамандықтар студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі заманғы құқықтық білім берудің ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылатын күрделі және объективті табиғи процесс болып табылады.

Құқықтық құзыреттілікке байланысты қазіргі заманғы аспектілер мен зерттеулерде заманауи білім беру технологияларын оқыту процесіне енгізу құзыреттілік тұғырға негізделген кәсібиліктің сапасын арттыру бірқатар жұмыстарда көрініс табады:

- Жоғарғы білім беру жүйесіндегі мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Б.Т.Кенжебеков);

- білім берудегі құзыреттілік және құзыреттілік тәсіл ұғымдары туралы мәселе (Ш.М.Майгельдиева);

- әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы құзыреттілік тәсіл туралы (Г.Ж.Менлибекова);

- біріккен құзыреттілік құрылымы негізгі білім беру бағдарламасы және техникалық ЖОО - да оқыту технологиясы (А.В.Купавцев);

- жұмысшылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары (Д.Г.Мирошин, А.Т.Чакликова) және басқалар. Құқықтық құзыреттіліктерді дамыту мен қалыптастыру мәселелерін жан-жақты зерттеп, құрылымдық мазмұны мен теориялық моделін заманауи технологиялық құрылымдар арқылы түсіндіруге талпынған.

Техникалық жоғарғы оқу орны студенттерінің құқықтық құзыреттілік деңгейін арттырудың әлеуметтік қажеттілігі оның кәсіптік білім беру процесінде қалыптасуына байланысты мәселелерді зерттеуді өзектендіреді.

Ресейде құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері А.В.Безрукова [2], Е.Л.Болотова [3], А.А.Вербицкий [4], А.В.Коротун [5] Е.А.Певцова [6], А.В.Романкевич [7], С.Н.Чарнецкий [8] және т.б. зерттеулерде қарастырылады.

Б.Ш.Тұрғанбаева зерттеу жұмысында жеткіншектерге құқықтық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын жүйелей келе, құқықтық тәрбие процесінде мектеп, отбасы және қоғамның өзара ықпалдастығын айқындаған [9].

Mussabekova N., Olzhabayev B., Zhakisheva A., Akhmadiyeva A., Batay A., Sakenov J. зерттеулерінде заң және тарих пәндері арқылы студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру моделін ұсынған [10].

M.Rembiasz қазіргі нарықтық экономикадағы кәсіпкерлердің негізгі құзыреттерін және оларды әлеуетті кәсіпкерлердің, яғни техникалық Жоғарғы оқу орындарының студенттерінің білімдерімен, дағдыларымен және көзқарастарымен салыстыруды қарастырады [11]. Зерттеу құралы түпнұсқа

сауалнама болды, алынған нәтижелер статистикалық талдауға алынды. Ұсынылған зерттеу нәтижелері құзыреттердегі алшақтықты анықтауға және техникалық жоғарғы оқу орындары үшін кәсіпкерлікті оқыту бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді.

Pavlycheva O., Murgul V. кәсіби салада құқықтық білім алу негізінен ЖОО да құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады деп санайды [12]. Осылайша, құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың рөлі мен маңызы мемлекеттік білім беру саясатын ескере отырып, болашақ инженердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырады, сонымен қатар оны шешудің кейбір жолдарын ұсынады.

S.Puhach зерттеуінде үздіксіз білім беру жүйесінде мамандардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру, ең алдымен мазмұнын жаңарту, белгілі және негізделген педагогикалық жағдайларды және әзірленген құрылымдық-функционалдық модельді іске асыру болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейді [13]. Дегенмен жоғарыдағы зерделенген ғылыми зерттеу жұмыстары мен әдебиеттерде жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанын және әлі де болса жеткілікті дәрежеде өз шешімін таппағандығын көрсетті.

Осы тұрғыдан алғанда,

- техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға қоғамдық сұраныстың өсуі мен студенттердің құқықтық құзыреттілігін дамытудың ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында;
- болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігін дамытуға жоғарғы талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы;
- болашақ техникалық мамандардың құқықтық құзыреттілігін дамытудың объективті қажеттілігі мен бұл процесті ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік қамтамасыздандырудың жеткіліздігі арасында *қарама-қайшылықтар* туындап отыр.

Анықталған қарама-қайшылықтан **зерттеудің мәселесінің** жеткіліксіз қарастырылуы аталмыш мәселенің өзекті болуына байланысты тақырыпты *«Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»* деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, онын педагогикалық шарттарын анықтау және тәжірибелік эксперимент арқылы тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің нысаны: техникалық жоғарғы оқу орнының оқу үдерісі.

Зерттеудің пәні: студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеудің болжамы: Егер жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, педагогикалық шарттары нақтыланып, моделі жасалса және оны жүзеге асырудың әдістемесі қамтамасыз етіліп, Жоғарғы оқу орындарының тұтас педагогикалық процессіне ендірілсе, онда қоғам дамуының заманауи әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында болашақ техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін дамыту процессінің тиімділігі артады, өйткені білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық сферасының дамуына әсер етеді, Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандардың құқықтық құзыреттілігі дамыған маман қалыптасуға мүмкіндік жасалады.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан айқындау.
2. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау.
3. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасау.
4. Моделдің тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеу және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін «құқық», «құқықтық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін айқындайтын философиялық теориялар (Ф.Гегель, И.Кант, Дж.-Локк, Ж.-П.Сартр, т.б.); кәсіби ұстанымды есепке алатын құқықтық теориялар (Д.Г.Мирошин, А.Т.Чакликова, т.б.); жүйелілік тұғыры (В.П.Беспалько, И.В.Блауберг, Г.В.Щедровицкий, т.б.); тұтастық тұғыры) (Ю.К.Бабанский, В.В.Краевский, Н.Д.Хмель, А.А.Бейсенбаева, т.б.); тұлғалық және іс-әрекеттік тұғыр (В.В.Сериков, И.С.Якиманская, А.Б.Амирбекова, т.б.); аксиологиялық тұғыр (А.А.Бодалев, А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, Г.Н.Смағұлова, Ш.М.Мақатаева, т.б.); құзыреттілік тұғыр (И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.В.Хутарская, А.А.Реан, Б.Т.Кенжебеков, Тайжанов У.О., Ильясова Н.А., т.б.) зерттеу нәтижесі құрайды.

Зерттеу нәтижелері аталған мәселені жан-жақты талдаудың негізін құрайды.

Зерттеу әдістері: қойылған міндеттерді шешу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық әдістерге философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, салыстыру, жалпылау, сондай-ақ рефлексияны дамыту бойынша отандық тәжірибені зерделеу жатады. Сонымен қатар, нормативтік құжаттарға талдау жүргізілді.

Эмпирикалық әдістер ретінде сауалнама алу, әңгімелесу, педагогикалық

бақылау, тестілеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастыру, педагогикалық диагностика және моделдеу қолданылды. Зерттеу нәтижелерін өңдеуде статистикалық әдістер пайдаланылды.

Жұмысты орындау барысында әртүрлі дереккөздер пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми еңбектер қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының білім беру саласын реттейтін ресми құжаттары мен нормативтік материалдарына талдау жасалды.

Оған қоса, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, ғылыми журналдардағы мақалалар және автордың жеке тәжірибесі қолданылды.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасының ресми құжаттары мен Білім мен ғылым саласындағы нормативтік құжаттар (стандарттар, оқу кешендері, оқулықтар, тұжырымдар, типтік оқу бағдарламалары, т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми еңбектері мен тәжірибелері, ғылыми мерзімді басылымдар, автордық педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу базасы: Эксперимент жұмыстары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде жүргізілді. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мен аталмыш университетте «Құқықтық білімдер негіздері» тақырыбында элективті курсты оқу процесіне енгізілді. Горднен қаласындағы білім беруді дамыту институтында дәрістер мен практикалық жаттығулар оқу үдерісінде қолданылды (Беларусь).

Зерттеу кезеңдері:

1-кезең (2017-2018 ж.ж.) зерттеу жұмысының өзектілігін анықтау; зерттеу мәселелеріне байланысты психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық талдаулар жасау; жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен ерекшеліктерін анықтау.

2-кезең (2018-2019 ж.ж.) жоғарғы оқу орындарындағы техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын, моделін әзірлеуге және сынақтан өткізуге арналды. Студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруда тұлғаға бағытталған технологиялар кешенін пайдалану тиімділігіне тәжірибелік-эксперименттік тексеру жүргізілді. Құқықтық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін қадағаланды.

3-кезең (2019-2020 ж.ж.) зерттеу материалы талданды және жүйеленді, педагогикалық жағдайларды іске асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері түсіндірілді; диссертация талап бойынша рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттеліп, «құқықтық құзыреттілік» ұғымының мәні мен

мазмұны нақтыланды;

- жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- модельдің тиімділігі диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдерден тұратын әдістеме арқылы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденді, әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық негіздері» (тест сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмалар);

- «Основы правовых знаний» (орыс тілінде) элективті пәннің оқу-әдістемелік кешені;

- «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» (техникалық факультет студенттеріне арналған) тақырыпта электрондық оқулық дайындалды.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын Жоғарғы оқу орындарының, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және орта білім беру жүйесінде, қосымша білімберуде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. *Құзырет – пәндер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілген және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажет жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, іс-әрекет әдістері) жиынтығын қамтиды.*

Құзыреттілік – адамның өзіне және қызмет нысанына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы, иеленуі. Құқықтық құзыреттілік – құқықтық білім, дағдылар білу дәрежесін, қажет болған жағдайда оларды қолдануға дайындығы мен қабілетін көрсететін қасиеттер жиынтығы.

Құқықтық құзыреттілік – адамның өзінің әлеуметтік мінез-құлқын құқықпен және қоғамда қолданылатын басқа да нормалармен өлшеуге мүмкіндігі мен ұмтылысын анықтайтын қабілеттер мен жеке-ерікті көзқарастардың жиынтығы.

2. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (аксиологиялық, әрекеттік, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-семиотикалық, жүйелілік, тұлғааралық, құзыреттілік, интегративтік, рефлексивтік, технологиялық) мен ұстанымдарын (жүйелік-бірізділік, құрылымдық-функционалдық бірлік, дәстүрлі және инновациялық сәйкестік) құқықтық

құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырумен сипатталды: модернизация идеялары (*нормативтік-құқықтық құжаттарының негіздерін білу*), әлеуметтік ортаға бейімделу (*білім беру процесі кезеңінде студенттердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ете білу*).

3. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары құқықтық құзіреттілікті болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері жүйесіне енгізумен (*бірінші шарт*), техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзіреттілігін қалыптастырудың кешенді тәсілі және құқық пәнін оқытуда пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы жүзеге асырылуымен (*екінші шарт*), құқықтық пәндерді оқыту үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын, кейс-стади әдісті, проблемалық және жобалық оқыту, аралас (blended learning) және қашықтықтан оқыту технологияларын, геймификация, сондай-ақ кәсіби бағытталған симуляциялық оқыту құралдарын және т.б. қолдануымен (*үшінші шарт*) сипатталады.

4. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру – бір-бірімен өзара байланысқан мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық және практикалық-бағалаушылық компоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімді жүзеге асуын қарастырады. Модельдің негізгі блоктары, қалыптасу компоненттері мен өлшемдері өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы негізгі құрылымын көрсетеді.

5. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруды «*Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық негіздері*» атты тест сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмаларды, «Основы правовых знаний» (орыс тілінде) элективті пәннің оқу-әдістемелік кешенін, «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» атты техникалық факультет студенттеріне арналған электрондық оқулықты практикаға ендіруімен іске асырылды.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі автордың бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтықтарын пайдаланумен, олардың зерттеудегі қойылған міндеттермен және зерттеу логикасына қарама-қайшы еместігімен; алынған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелердің математикалық статистика әдістерімен өңделуімен; зерттеу болжамының жұмыстағы нәтижелерімен расталуымен байланысты.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы: Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 13 еңбек жарық көрді: Scopus базасына енген басылымдардағы журналға 1 мақала енді; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдар тізіміне кіретін басылымдарда 4 мақала жарық көрді; шетелдік және отандық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарда 5 мақала; 1 оқу құралы және 2 электрондық оқулық жарық көрді. Айтап айтқанда:

1. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – Астана, № 4, 2018.

2. Батыс Қазақстан университетінің Хабаршысы. – Орал, № 3, 2020.
3. Яссауи университетінің Хабаршысы. – Түркістан, №2, 2020.
4. Яссауи университетінің Хабаршысы. – Түркістан, №3, 2020.
5. Университет XXI века и его роль в опережающем развитии регионов/ «TechnoOBRAZ 2019». XII Халықаралық ғылыми конференция (Беларусь, 2019 жыл).
6. Актуальные вопросы педагогики и социальной работы / Халықаралық ғылыми конференция (Беларусь, 2018).
7. Наука и образование в современном мире: вызовы 21 века /V Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Россия, 2019).
8. Endless Light in Science//Халықаралық ғылыми-практикалық журнал, (Қазақстан, 2025);
9. EurasiaScience /LXXIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Ресей, 2025);
10. «International Journal of Information and Education Technology» (Scopus, Q2, процетиль 65), (Сингапур, 2026 жыл).

Диссертация құрылымы: диссертациялық жұмыстың құрамы негізгі бет, нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулерден, қысқартулардан, кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми ақпараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің апробациядан өтуі баяндалады.

«Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық еңбектерде қарастырылуы, әдіснамалық тұғырлары мен ерекшеліктері қарастырылады.

«Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу» атты екінші бөлімде жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, педагогикалық шарттары мен кәсіби даярлықтың жоспарланған нәтижесі ретінде құқықтық құзыреттілік қарастырылады.

«Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыс» атты үшінші бөлімде жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайы, әдістемесі мен зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік- эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері қарастырылады.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің әр бөлімі бойынша теориялық

және практикалық нәтижелері қорытылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ғылыми тұжырымдары ұсынылды.

Қосымшаларда зерттеудің практикалық материалдары қарастырылады.

1 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің психологиялық- педагогикалық еңбектерде қарастырылуы

Білім беру саласындағы құқықтық мәселелер мен құқықтық қатынастар соңғы екі онжылдықта өзекті болып табылады, бұл білім беру және сабақтас салалар туралы үнемі дамып келе жатқан заңнамаға байланысты және кәсіби біліктілікті арттыруды талап етеді. Қоғам мен мемлекеттің, ғылыми қоғамдастықтың жалпы білім беру ұйымының педагогіне деген зейінінің артуы оның жалпы білім берудегі негізгі рөлімен және білім алушымен неғұрлым тығыз педагогикалық байланыста болуымен айқындалды.

Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық еңбектерде жеткілікті зерттелмеген деген пікірді ұсынамыз. Себебі, ұзақ уақыт бойы елде құқықтық білім мен тәрбие азаматтық біліммен бірге қарастырылған. Азаматтық-құқықтық білім берудің негізгі мақсаты мемлекеттің конституциялық құрылымының негіздерін зерттеу болды. Осылайша, құқықтық білім мен тәрбиені ғалымдар жалпы білім беретін педагогикалық процестің жеке буыны ретінде қарастырған жоқ.

70-80 жылдары құқықтық білім мен тәрбиеге назар аудару айтарлықтай күшейе түсті. Ғалымдар мен практиктердің үндеуі 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының Бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдауымен байланысты болды [14]. Оқушылардың құқықтық дайындық деңгейін арттыруға, Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарына сәйкес олардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар зерттеулер пайда болды (мәселен, Н.Г.Суворова оқу процесінде құқықтық бағдарларды қалыптастыру мәселелесін зерттесе [15]; Г.А.Кузнецов ересек жасөспірімнің жеке басын қалыптастырудағы адамгершілік және құқықтық тәрбиенің өзара әрекетін зерттеу нысаны ретінде қарастырса [16]; Г.Р. Ишкильдина мектепте баланың құқықтарын іске асыру жолдарын практикада қолдану әдіс-тәсілдерін сипаттаса [17]; А.С.Анисина балалардың құқықтарын қорғау мен қамтамасыз етудегі мектептің функцияларын ажырата алған [18], т.б.).

Өскелең ұрпақтың құқықтық дайындығының Жоғарғы деңгейіне деген қажеттілік еліміздің құқықтық дамуы мен қалыптасуының үлкен тарихи кезеңінде ерекше орын алады. Мемлекет қоғамның игілігі үшін сауатты, инициативашыл, бастамашыл, құзыретті, нәтижелі және заңды әрекет ете алатын азаматтарды көбірек талап етеді.

Білім беру мекемелерінің, қосымша білім беру мекемелерінің, құқық қорғау органдарының құқықтық білім мен тәрбие деңгейін арттыру, кәмілетке толмағандар арасындағы қараусыздық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі қызметі қоғамдағы өзгерістермен ғана емес, сонымен қатар қоғамның тіршілік әрекеті процесінің барлық қатысушыларымен тікелей талап етіледі. Осыған байланысты құқықтық білім мен тәрбие зерттеушілер мен практикалық қызметкерлердің назарын аударады.

«Құқықтық құзыреттілік» ұғымы заң немесе медицина салаларында теориялық тұрғыда негізделіп, болашақ мамандарды дамытудағы мәні мен маңызы, тәжірибеде қолдану жолдары зерттелгенін бірқатар еңбектерде орын алғанын байқадық. Алайда, кәсіби білім беру саласында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру жаңадан зерттелуде деген тұжырым жасауымызға толық мүмкіндік бар екенін бірқатар педагогикалық-психологиялық тұрғыда дәлелдеуге талпындық.

А.А.Черемсина жоғарғы сынып оқушыларының құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруды мектеп түлектерінің құқықтық білімі мен тәрбие деңгейін арттырудағы қоғамның қажеттіліктері мен құқық саласында құзыретті оқушыларды даярлау жүйесінің анықталған әдістемелік негізгін айқындау арқылы дәлеледеген [19]. Автордың зерттеу жұмысында 10-сынып оқушыларына арналған «Адам. Қоғам. Құқық» тақырыбындағы арнайы курс және оны игеруге қатысты әдістемелік ұсынымдардың мазмұны келтірілген; оқушылардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру процесіне бағытталған оқу-әдістемелік материалдар әзірленді; құқықтық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыру бойынша қосымша білім беру мекемелерінің оқытушыларына, педагогтарына, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне нақты ұсынымдар ұсынылған.

И.Ю.Серяева университет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруды келесі міндеттермен дәлелдеуге талпынған:

- қоғамның жоғары құзыреттілігі бар мамандарға қойылатын қазіргі талаптары мен құқықтық нормаларды біле отырып, оларды кәсіби даярлаудың дәстүрлі тәсілдері арқылы;
- Жоғарғы білім беру жүйесіне құқықтық пәндер блогын енгізу әрекеттері мен құқықтық білімді игерудің нақты деңгейілерін жүйеле арқылы;
- болашақ маманның заңнаманы, оны іске асыру тетігін және оның ажырамас құқықтарын қорғау тәсілдерін игере алуы негіздері арқылы [20].

Отандық білім берудегі құқықтық құзыреттілік мәселелерін және оларды практикалық шешуді қарастыру қажеттілігі адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғаумен тікелей байланысты. Мемлекеттің адам құқықтары туралы білімді тарату, халықтың әртүрлі топтарын оқыту міндеті көптеген халықаралық шарттардан туындайды. 1948 жылы БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы қабылданғаннан бері ЮНЕСКО үкіметтерге адам құқықтары туралы халықты ақпараттандыруға үнемі жүгініп келеді. Хельсинки процесі аясында қатысушы

мемлекеттер оқу орындарында адам құқықтары саласындағы демократиялық құндылықтар, халықаралық стандарттар туралы білімді оқытуды ынталандыруға, жеңілдетуге, қолдауға міндеттенді. Ұсыныстар ретінде кәсіби заңгерлерді даярлайтын оқу орындарының жүйесін кеңейту және жетілдіру қажет екеніне басымдылық беріледі. Бұл жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің толыққанды зерттелмегенін көрсетеді.

С.В.Басюк студенттердің азаматтық-құқықтық құзыреттілігін гуманитарлық білім арқылы тәрбиелеуді педагогикалық мәселелері ретінде жан-жақты қарастырған [21]. Білім берудің әлемдік стандарттарына бағдарланған кең ауқымды білім алу барысында білім алушылар қазіргі заманның мынадай азаматтық және соған байланысты құқықтық құндылықтары туралы түсінік алуы тиіс:

- мемлекет және азаматтық қоғам институттарын құрметтеу;
- қазіргі демократияның нормалары мен ережелерін құрметтеу;
- жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- адамның қадір-қасиетін құрметтеу;
- әділдік, адамдардың заң алдындағы теңдігі, қоғамдық игілік, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке, жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет;
- саяси әртүрліліктің құндылығы;
- патриотизм, т.б.

Тәжірибе көрсеткендей, мұның бәрі қолданыстағы заңнаманы, азаматтық және құқықтық институттар қызметінің нәтижелерін, адам құқықтарының санаттарын, азаматтың құқықтары мен міндеттерін және оларды күнделікті өмірде жүзеге асыру тәжірибесін игеру арқылы ғана мүмкін болады.

О.А.Панова заманауи мектеп педагогтерінің құқықтық құзыреттілігін зерттеумен шұғылданған [22]. Зерттеуінде біліктілікті арттыру мақсатында «құқықтық кеңістік» және «құқықтық мәдениет» ұғымдарына теориялық талдау жасаған. Құқықтық мәдениеттің негізгі элементтерін құқық, құқықтық сана, заңдылық пен тәртіп, заң шығарушылық, құқық қолдану және қоғамдағы басқа қызмет түрлерімен сипаттады.

Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша маңызды нәтижелерін көрсетуге талпынған:

- педагогтердің кәсіби қызмет үшін құқықтық білім мен дағдылардың маңыздылығы туралы құндылық түсініктерін нығайту;
- олардың құқықтық мәдениетті дамытуға өзіндік ынтасын күшейту;
- кәсіби қызмет саласындағы практикалық қақтығыс жағдайларын шешуде құқықтық компоненттің рөлін арттыру (мектепшілік білім беру қатынастарында).

М.Г.Даудов педагогикалық ЖОО студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруды жан-жақты зерттеуге талпынған [23]. Біздің пікірімізше, педагогикалық университеттегі құқықтық дайындық кез-келген

мамандық бойынша болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені оның болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігіне байланысты. Құқықтық оқыту мен тәрбиедегі мұғалімдер үшін оқушылар құқықтық нормалар, заң мақсат емес, өмірді жеңілдететін құрал деген ойға өз бетінше келе алатын жағдайлар жасау өте маңызды. Сондықтан белсенді құқықтық тәрбие, құқықтық ағарту мектептен басталуы керек, бұл үшін мұғалімдер дайындалуы керек.

А.В.Молчанова ЖОО-да әлеуметтік педагогтың кәсіби-құқықтық құзыреттілігін қызмет объектілерінің кәсіби-құқықтық өзара іс-қимылы деп тұжырымдаған. Бұл мамандықты арнайы сала маманының, атап айтқанда әлеуметтік-педагогикалық қызмет мамандарының міндетті білімдерімен, іскерліктерімен, дағдыларымен бекітіледі. [24].

Заңдар бұзылған, адамның қарапайым құқықтары мен бостандықтары сақталмайтын, құқық тәртібі лауазымды адамдардың жаппай озбырлығына, қылмыстың бақыланбайтын деңгейіне тап болатын қоғамда кәсіби-құқықтық құзыреттілік мүмкін емес. Автор құқықтық сана мен тиісті мінез-құлықтың Жоғары деңгейін қамтамасыз ете алмайды, яғни әлеуметтік педагогтың кәсіби-құқықтық құзыреттілігі құқықтық сауаттылық пен адамгершілік жалпыадамзаттық мұраттарға, яғни құндылықтарға бағдарлануға деген сенімділіктен тұрады деп есептейді.

А.С.Аникина құқықтық құзыреттілікті мұғалімнің кәсіби дайындығының жоспарланған нәтижесі ретінде түсіндіреді [25]. Және педагог қазіргі жағдайда мемлекеттің құқықтық саясатының белсенді қатысушысы ретінде оқушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру қажеттілігін іске асыруды құқықтық құзыреттілігімен байланыстырады. Педагогикалық қызметкердің өзінен білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын мүлтіксіз сақтау, олардың мүдделерін қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негіздерін түсіну талап етіледі. Тек осы жағдайда ғана студенттер құқықтық қатынастарға қатысудың оң тәжірибесін игере алады, заңды мінез-құлықтың жеке мағынасын түсінеді, әлеуметтік маңызды құқықтық бағдарларды игере алады.

Педагогтердің құқықтық құзыреттілік деңгейін арттырудың әлеуметтік қажеттілігі олардың ЖОО-да білім алу процесінде оның қалыптасуына байланысты мәселелерді зерттеуді өзектендіреді. Мұғалімдер мен әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың жекелеген 4 аспектісі педагогикалық зерттеулерде көрініс тапқан:

- біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерін талдады (О.А.Панова);
- педагогикалық пәндерді оқыту контекстінде әлеуметтік-құқықтық құзыреттілікті дамыту процесін сипаттады (Т.С.Волох);
- құқықтық пәндер аясында құзыреттіліктің эпистемологиялық компонентіне назар аударды (С.В.Гурин);

- педагогикалық жағдайлар кешені болашақ әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді (А.Б.Молчанова, А.В.Коротун).

А.В.Коротун әлеуметтік сала мамандарының өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмектің ерекше саласы ретіндегі кәсіби қызметіне қоғамның практикалық қажеттілігі, бұл әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау қажеттілігін тудыратындығын зерттей келе, кәсіби даярлық процесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеген [26].

Е.И.Махрова жоғары білім постиндустриалды ақпараттық қоғамға білім беру процесін үнемі дамыту және жетілдіру және студенттерді жаңа білім беру технологияларын, сонымен қатар, Интернет-ресурстарды қолдана отырып, болашақ кәсіби қызметке дайындау қажеттілігін анықтайды [27]. Қазіргі қоғамға әр түрлі құқықтық жағдайларда өз бетінше шешім таба алатын белсенді, заңды сауатты ойлайтын азаматтар қажет. Құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің және заңға құрмет көрсетудің қалыптасуы Жоғарғы оқу орнында құқықтық пәндерді оқу процесінде жүреді. Ақпараттық-құқықтық құзыреттілікке ие болу әрбір азамат үшін маңызды және қоғамның ақпараттық жаһандануы жағдайында қоғамдық маңызы бар.

Білім беру процесіне қатысушылар үшін құқықтық Интернет-ресурстарды, әртүрлі құқықтық Интернет-форумдарды қолдану түбегейлі маңызға ие, өйткені заң пәндерінің мазмұны тұрақсыз, бұл қолданыстағы заңнаманың, құқықтық институттардың, құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің сандық және сапалық сипаттамаларының, оларды орындау практикасының ағымдағы өзгерістеріне байланысты. Кеңейіп келе жатқан ақпараттық кеңістік жағдайында студенттерді даярлау мазмұнының ақпараттық-құқықтық құрамдас бөлігі.

М.П.Козловцев зерттеу жұмысында қазіргі уақытта білім беру әлемінде жаңа типтегі тұлғаны – «құқық-саналы азаматты» қалыптастыру процесін құқықтық құзыреттілік пен құқықтық мәдениеттің Жоғарғы деңгейімен бірлікте қарастырады [28].

Болашақ мұғалім кәсіби ұтқырлықпен сипатталуы, әртүрлі жағдайларда еркін бағдарлай алуы, сондай-ақ практикалық және ғылыми қызметте, қоғамдық тәжірибеде үнемі туындайтын өзгерістерге жедел әрі тиімді жауап беру қабілетіне ие болуы тиіс. Болашақ мұғалім кәсіби ұтқырлықпен сипатталуы, әртүрлі жағдайларда еркін бағдарлай алуы, сондай-ақ практикалық және ғылыми қызметте, қоғамдық тәжірибеде үнемі туындайтын өзгерістерге жедел әрі тиімді жауап беру қабілетіне ие болуы тиіс. Бұл қасиеттер болашақ тұлғаның оқу үдерісінде меңгерген білімдерін нақты танымдық және кәсіби міндеттерді шешудің теориялық негізі мен практикалық құралы ретінде қолдана алу деңгейінде даярлаған жағдайда ғана қалыптасады.

Е.Г.Шиханова құқықтық мәдениетті жоғарғы оқу орнында оқу кезеңінде болатын қазіргі заманғы маманның ең сұранысқа ие әмбебап

сипаттамаларының бірі деп есептейді [29]. Техникалық бейіндегі студенттердің құқықтық мәдениеті – жеке тұлғаның интегративті қасиеті, оның құрылымы инженерлік қызметтің әлеуметтік-мәдени функциясының құрылымын және құқықтық мәдениеттің аксиологиялық функциясын анықтау принципі деп түсіндіреді.

М.Е.Полякова зерттеуінде қазіргі заманғы техникалық университеттің түлегіне оның кәсіби мәдениетін қамтамасыз ету тұрғысынан жоғары талаптар қойылатындығын айта келе, ең маңызды құрамдас бөлігі – түлек қызметінің барлық салаларына қатысты кәсіби міндеттерді заң тұрғысынан шешуге мүмкіндік беретін құқықтық құзыреттілікті қарастырады [30]. Автор зерттеу жұмысында техникалық жоғарғы оқу орындарының студенттерінің құқықтық құзыреттілігін арттыру мәселелерін талдай келе, қазіргі кезде бұл мәселені ғылыми тұрғыдан шешудің белгілі бір алғышарттарын ажыратып көрсете алған:

- *әлеуметтік* (қоғамның кәсіби және әлеуметтік міндеттерді құзыретті шеше алатын мамандарға деген қажеттілігі);
- *гностикалық* (педагогикада, психологияда, әдістемеде құқықтық жағынан құзыретті маманды қалыптастыру проблемасы қойылған);
- *практикалық* (әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер өз талаптарында маманға көбінесе түлектің тәжірибесіне, жетістіктеріне, құқықтық құзыреттілігіне назар аударады).

Ресейде құқықтық құзыреттілік бойынша зерттелген жұмыстар көп болғандықтан біз диссертациямызда тек техникалық білім беру жүйесінде зерттелген жұмыстар туралы мәліметтер бердік. Басқа да біздің зерттеу жұмысымызға жақын еңбектерді қосымшаға тіркедік (Қосымша А).

Біздің еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер білім беру жүйесі мен кәсіби орта арасындағы қарым-қатынасты терең өзгерту қажеттілігіне әкеліп отыр. Бұл мамандарды өндіріс талаптарына нақты бағдарлауға бағытталған. Осыған байланысты қазіргі заманғы техникалық университеттің түлегіне оның кәсіби мәдениетін қамтамасыз ету тұрғысынан жоғары талаптар қойылады. Аталған сапалардың маңызды қызметінің барлық бағыттарында туындайтын міндеттерді құқықтық тұрғыдан негізделген түрде шешуіне мүмкіндік беретін құқықтық құзыреттілік қарастырылады. Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, техникалық жоғарғы оқу орындарында мамандарды құқықтық даярлаудың қалыптасқан тәжірибесі негізінен теориялық курстармен ғана шектеліп, оның қолданбалы аспектілерінің жеткілікті деңгейде қамтылмауын айқындайды, бұл түлекті сәтті жұмысқа орналастыру және бейімдеу үшін қажетті дағдылардың белгілі бір шеңберін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Техникалық университеттің заманауи маман-түлегінің кәсіби қызметі өз жұмысында жабдықты жобалау мен пайдаланудағы экологиялық талаптарды сақтауды, еңбек және әкімшілік құқықты иелену негізінде өндірістік процестің экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуді, келісімшарттық құқық талаптарына негізделген өнімді сатуды талап етеді.

Қазақстандық ғалымдардың арасында цифрлық кеңістікте құзыреттіліктің ЖОО жүйесіндегі орнын К.Н.Нарибаев [31], А.А.Жайтапова, Б.Б.Сейтказы, [32], Т.М.Баймолдаев [33], М.К.Бұлақбаева [34], З.М.Сәдуақасова [35], К.Ж.Аганина [36], Б.А.Ысқақовтың [37] еңбектерінде жан-жақты ашуға талпынған.

Құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесімен шұғылданған отандық ғалым Б.Ш.Тұрғанбаева 2010 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Жеткіншектерге құқықтық тәрбие берудің педагогикалық шарттары» тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған [9]. Өзінің зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы: жеткіншектерге құқықтық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын жүйелеген; құқықтық тәрбие процесінде мектеп, отбасы және қоғамның өзара ықпалдастығын айқындаған; оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік іс-шаралар мен оқу пәндерінің мазмұнын интеграциялауды ұсынған.

Жеткіншектерге құқықтық тәрбие берудің педагогикалық шарттары ретінде *құқықтық білімді жүйелі беру, құқықтық орта қалыптастыру, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету* деп алған. Ал, практикалық маңызы мектеп мұғалімдері үшін құқықтық тәрбие берудің әдістемелік ұсыныстары жасалуында, жеткіншектердің құқықтық мәдениетін арттыруға арналған **тәрбиелік бағдарламалар** ұсынылуында, құқықтық құзыреттілікті қалыптастыруда **интерактивті әдістерді (кейс-стади, жобалық жұмыс, симуляция)** қолданудың тиімділігі көрсетілуінде.

Нәтижеге бағдарланған білім берудің парадигматикалық идеясы шеңберінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің ерекше нысаны ретінде «құзыреттілік» ұғымы Б.А.Тұрғынбаева [38], Б.Т.Кенжебеков [39], Г.Ж.Меңлібекова [40], К.С.Құдайбергенова [41], К.М.Беркімбаев [42], Ш.К.Жантілеуова [43] еңбектерінде қамтылған.

- отбасының әлеуметтік институтының дағдарысы, ол жұмыс істемейтін отбасылар үлесінің өсуімен, сондай-ақ әлеуметтенудің жағымсыз факторларынан отбасының қорғау функцияларының әлсіреуімен көрінеді.

Қоғамдағы осындай келеңсіз құбылыстардың алдын-алу үшін біз зерттеу жұмысымызда жоғарғы оқу орындарында техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін кәсіби даярлықтың жоспарланған нәтижесі ретінде қарастыруға талпындық.

Университетте тәжірибеге бағытталған кәсіби дайындықтың басымдықтарын келесі түрде сипаттаймыз:

- зерттеу міндеттерінің еңбек саласымен өзара байланысы;
- кәсіптік деңгейге байланысты оқу жоспарының вариативті бөлігінің көлемін ұлғайту;
- ғылым мен техниканың дамуын ескере отырып, жұмыс бағдарламаларын жаңартудың икемділігі мен серпінділігі;
- тәжірибенің әртүрлі түрлерін тапсыру сағаттарын ұлғайту;
- белсенді түрде білім беру үдерісіне қатысушыларды, білім беру және тәжірибелік іс-шараларға қатысуға шақыру негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесіп ұйымдастыру, т.б.

Бұл экономика мен жұмыс берушілердің үнемі өзгеріп отыратын сұраныстарына сәйкес жан-жақты зерттелуіне мүмкіндік береді:

- студенттерді таңдаған еңбек қызметі саласына;
- квазикәсіптік міндеттерді шешуге;
- қазақстандық мәдениет пен кәсіби субмәдениетке тән құндылықтар ауқымын түсінуге;
- жақын жағдай жасауға және тез бейімдеуге.

Және заманауи технология мен цифрландыру ғылым және өндіріс саласындағы жылдам жаһандық өзгерістерге жауап ретінде бәсекеге қабілетті университет түлектерінің дамуына ықпал етеді.

Цифрлық технологиялардың білім сапасын арттырудағы рөлін және оқу процесін онлайн және офлайн форматтарының (бетпе-бет, дистанциялық, виртуалды және интерактивті) көп аспектілі сипатында белсендіреді және бірін бірі толықтырып отырады (Сурет 7).



Сурет – 7. Университетте тәжірибеге бағытталған кәсіби дайындықтың басымдықтарын сипаттайтын цифрлық технологиялардың білім сапасын арттырудағы рөлі


Суретте көрсетілген әдістерді, формаларды және технологияларды жан-жақты енгізу нәтижесінде қамтуға болатын жағдаяттар:

- жоғары белсенділік, интенсивтілік және жастарды кәсіптік оқыту процесіне барынша тарту;
- жағдаяттарды талдау, ұтымды шешімдерді жедел іздестіру және шығармашылық жеке немесе топтық білім беру өнімін құру кезінде жаңа білім

алу және оны тәжірибеде сәтті пайдалану үшін оқу процесі туралы хабардарлықты нығайту;

- толық өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі және болашақ жұмыс саласының кәсіби міндеттерінің толық кешенін шығармашылықпен орындауға ұмтылу [4, 10].

Соның нәтижесінде студенттердің субъективтілігін дамыту, бірін-бірі толықтыра отырып ойлауға және өзінің, кәсіби қоғамдастық пен еліміздің игілігі үшін іс жүзінде белсенді әрекет етуге жұмылдырады. Және студенттерде өз қасиеттері мен ресурстарына барабар сыни баға бере отырып, кәсіби құндылықтарды практикалық мінез-құлыққа ынталандыру, кәсіби мақсатты сәтті жүзеге асыру үшін білім алу және тереңдету, дербестік пен өзін-өзі бақылауды дамыту, нәтижеге жету үшін өнімді қарым-қатынас құруға саналы көзқараспен үздіксіз өзін-өзі жетілдіру мотивациясы қалыптасады (Сурет 8).



Сурет – 8. Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға септігін тигізетін мотивациялар

Студенттерді кәсіби даярлауға қойылатын заманауи талаптар жоғары білім берудің жаңартылған парадигмасына өтуге мүмкіндік береді [83] (Сурет 9).

«Білімді студенттен өмірге бейімделген жас тұлғаға» бағдарланған білім берудің жаңартылған парадигмасы сипаттайды:

- кәсіби құндылықтар мен көзқарастарды меңгеру, құзыреттіліктердің түрлерін дамытумен қатар ғылымдардың пәнаралық матрицасының, отандық және әлемдік мәдениеттің үздік жетістіктері оңтайлы түрде беріледі;



Сурет – 9. Білім берудің жаңартылған парадигмасы

- жалпыадамзаттық, кәсіби құндылықтарды дамыту және еңбекке құштарлық пен өзін-өзі жүзеге асыру, іс-әрекеттің пайдалылығы мен зиянсыздығы, жеке қадір-қасиеті мен айналасындағы адамдардың қадір-қасиеті, төзімділік пен мейірімділік, бірлік пен өзара көмек, өзіңе, қоғамға және әлемге жауапкершілік сияқты құндылық басымдықтарын қабылдау жүзеге асырылады;

- техникалық факультет студенттерінің кәсіптік және тұлғалық қасиеттері азаматтың, кәсіпқойдың, жасампаздың, адамгершілік пен мәдениеттің иесінің мамандығының мазмұнын меңгеру және әлеуметтік-мәдени функцияларды орындау жағдайында қарқынды әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы интеграцияланған бірлікте дамиды;

- әртүрлі әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен инновацияларды, еңбек нарығының конъюнктурасын және кәсіби бәсекелестікті ескере отырып, кәсіпқойлар қауымдастығымен диалог құру арқылы кәсіби траекторияны құру жолын мазмұнды және еркін табу құқығы кеңейтілуде.

Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың өзекті мәселелері ретінде АҚШ Урбана-Шампейн Иллинойс Университеті тәжірибесін Қазақстанмен салыстыруға талпындық. «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдама өтіп жүрген стипендиант ретінде Иллинойс университетінде

техникалық колледж студенттерінің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеуден бастадым.

Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті (Иллинойс мемлекеттік университеті немесе UIUC ретінде белгілі) АҚШ-тың Иллинойс штатындағы мемлекеттік зерттеу университеті болып табылады. Urbana-Champaign қаласында орналасқан, ол Quacquarelli Symond (QS) World University Rankings 2019 рейтингінде әлемде 69-шы орында және QS Graduate Rankability 2018 рейтингінде үздік 200-дің қатарына кіреді. Жоғарғы білім беру мекемесі әлемдегі ең үздік 50 университеттің қатарына кіреді, ғылым, инженерлік, инженерлік және инженерлік-техникалық ақпарат, электр және электронды техника, машина жасау, ауыл және орман шаруашылығы, психология, химия, қоршаған ортаны зерттеу, материалтану, физика және астрономия және басқа да салалар. Сонымен қатар,

150 жылға жуық уақыт бойы университет бакалавриат студенттеріне баға жетпес білім беру тәжірибесін берді. Оқыту сыныпта, кампуста немесе онлайн режимінде өтсе де, студенттер кампустан дағдылармен, біліммен және белсенді өмір сүруге және өз салаларында көшбасшы болуға талпыныспен кетеді. Жыл сайын университет тоғыз бакалавриат бөлімдеріне 32 000-нан астам студенттерді қабылдайды, 150 мамандық бойынша шамамен 5 000 курстар ұсынады және әр көктемде шамамен 7 000 жаңа дәрежелер береді.

Университеттің қызметі беделді әлемдік талдаулардың арқасында үздіктер қатарынан табылады:

- АҚШ-тағы ең жақсы мемлекеттік университеттер арасында 13-ші және US News & World Report Rankings рейтингі бойынша ең үздік ұлттық университеттер арасында 41-ші орында (2022-2023);

US News & World Report журналының магистратура мен бакалавриат рейтингтеріне сәйкес бакалавриат пен магистратураның үздік бағдарламалары:

- Ақпараттық ғылымдар институтының «Кітапхана ісі және ақпараттану» магистрі бағдарламасы АҚШ-та №1 орында.

- «Бухгалтерлік есеп» кафедрасы бакалавриат бағдарламасы бойынша 2-ші, магистратура бағдарламасы бойынша 3-ші орында.

- 5-орынды «Информатика» мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасы иеленді

- 7-орынды Грейнджер инженерлік мектебінің бакалавриат бағдарламалары және 11-орынды АҚШ-тағы Грейнджер инженерлік мектебінің магистратура бағдарламалары алады.

Шетелде оқу бағдарламалары және халықаралық студенттерді қабылдау бағдарламалары арқылы Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті еркін идеялар алмасуға жәрдемдесу үшін дүние жүзіндегі оқу орындарымен серіктес болады. Университеттің құрылымы мен білім беру бөлімдері туралы ақпаратты қосымшаға салдық (Қосымша 1).

Курстар: Мәселен, LAW 199 «Бакалавриат үшін ашық семинар» кредиті: 1-ден 3 сағатқа дейін (<https://courses.illinois.edu/schedule/terms/LAW/199/>)

Әріптік және S/U бағалауы үшін мақұлданған. Тақырыптар әртүрлі болса, бір тоқсанда 6 сағатқа дейін қайталауға болады; сонымен қатар 12 сағатқа дейін бөлек мерзімде қайталануы мүмкін.

LAW 201 «Негізгі конституциялық заң және жеке құқықтар» кредиті: 3 сағат. (<https://courses.illinois.edu/schedule/terms/LAW/201/>)

«Америка Конституциясының негізгі тақырыптарына кіріспе» - Бірінші және төртінші түзетулерге баса назар аударып отырып - және конституциялық түсіндірудің негізгі әдістеріне тоқталады. Конституциялық мәтіннің, сот доктринасының және сот жүйесінен тыс конституциялық шешім қабылдаудың өзара байланысына назар аударылады. Алғышарттар жоқ.

Урбана-Шампейн Иллинойс университетінің артықшылығы құқықтану пәндерін курс сайын мазмұнының толықтыра отырып, жүйелі құқықтық білім беруге сай арнаулы қоғамдық білімдер саласы ретінде оқытылады. Және мемлекеттік-құқықтық өмір шындығы теориялық-қолданбалы тұрғыдан игеріледі. Урбана-Шампейн Иллинойс университетінің 2023-2024 академиялық каталогы бакалавриат пен магистранттарға арналған курстардың, бағдарламалардың және дәрежеге қойылатын талаптардың ресми тізімі болып табылады. Курстар, оқу жоспарлары, төлемдер, саясаттар, ережелер және басқа мәселелер туралы ақпарат Каталог әрекет ететін кезең ішінде өзгеруі мүмкін (Қосымша). Құқықтану пәндері тек құқықты, құқық жүйесін ғана емес, сонымен бірге мемлекетті және саяси жүйенің басқа да бөліктерін қамтитын білім салалары ретінде қалыптасқан. Осыдан болар университеттің құқықтану пәндері толыққанды теориялық- қолданбалы сипатына қарай оның мазмұнына ғылыми топшылаулар негізінде тұжырымдалып, құзырлы құқық шығарушы және құқық қолданушы органдарға, құқықтық тәрбиемен айналысатын ұйымдарға, азаматтарға жолданған ұсыныстар мен кепілдемелер, сондай-ақ көпшілікке арналып енгізілген. Семестрдің соңында зерттеген әртүрлі авторлар қолданатын зерттеу әдістері цифрлық ақпарат ғасырында құқықты, қоғамды және саяси экономиканы зерттеуге қалай бейімделуі мүмкін екендігі туралы миға шабуыл жасалады, креативті ойлармен толықтырылады.

Қазақстандық жоғарғы орындарда құқықтану пәндерін оқыту теріс саяси және құқықтық құбылыстардың себептерін іздеу барысын да айқындай алуына септігін тигізсе, кеңінен әрбір семестр бойынша жүйелі құқықтық білім беру жүзеге асса дұрыс болар еді деп есептейміз.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде техникалық салаларда оқитын студенттерге арналған заң білімінде цифрлық қолданбаларды пайдаланған кезде көптеген аспектілерді ескердік. Оларға әрбір цифрлық қолданбаның мақсаты, оқытушының цифрлық қолданбалар мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдетудегі рөлі және әртүрлі қолданбалардың әртүрлі оқу мақсаттарына жету үшін қалай өзара әрекеттесетіні көңілге толады (Қосымша А). Мәселен, курс барысында түрлі

цифрлық құралдар арқылы құқықтық құзыреттілікпен байланыстырған бірнеше тапсырмалар ретімен көрсеттік:

Курс нәтижелерін платформа мүмкіндіктерімен сәйкестендіріңіз: сабаққа дейінгі теориялық микромодульдер үшін Knewton; кейс талдау семинарлары үшін Casetext; зертханалар үшін LexisNexis пайдаланыңыз.

Бағалауларды сәйкестендіріңіз: Knewton-дағы теориялық викториналар; Casetext-тегі рубрикаға негізделген тапсырмалар; NexusLexis-тегі келісімшартты қарау және сәйкестік тексеру тізімдері.

Оқытушыларды қолдау: Іздеу стратегиялары (Casetext/LexusNexis) және бейімделгіш тапсырмаларды әзірлеу (Knewton) бойынша оқытушыларға арналған қысқа семинарлар.

Теңдік және қолжетімділік: Технологияға деген жеккөрушілікті/теңсіздікті азайту үшін кампусқа кіру нүктелерін орнатыңыз және қысқа «бастау» нұсқаулықтарын дайындаңыз.

Бағдарлама деңгейіндегі интеграция: Барлық үш құралды біріктіретін негізгі мини-жобаны құрыңыз (А қосымшасындағы IV модульді қараңыз).

Қоғамның барлық салаларындағы әлеуметтік-мәдени қайта құрулар, ақпараттық қоғамның өндірістік және серпінді ғылыми технологияларына көшу, жұмыс берушілердің жаңартылған талаптары студенттердің кәсіби дайындығына, олардың құндылық бағдарларына, мәдени-адамгершілік көзқарастарына, белсенді өмірлік ұстанымына, кәсіби мотивациясына, субъективтілігін жұмылдыруға сапалы жаңа заманауи талаптарды қойды.

Әрбір елдің жоғарғы білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар және олар басқа елдердің білім беру жүйесінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Сондықтан, нәтижелер мен қорытындылар басқа елдердің университеттеріне толықтай қолданылмауы мүмкін.

Отанымызда қоғамдық өмірдің барлық салаларын жаппай ақпараттандыруға, цифрлық технологиялардың қарқынды таралуына, жаһандық ақпараттық желілердің құрылуына және онлайн және офлайн контексттердің интеграциялық бірлігінде жаңа әлеуметтік шындықты құруға (жетілген субъектілердің өмір салтына айтарлықтай жаңа мүмкіндіктер әкелетін) байланысты кең ауқымды әлеуметтік, саяси, әлеуметтік-мәдени және технологиялық өзгерістерге ұшырайды.

Әлеуметтік-экономикалық өмір мен әлеуметтік құрылымдардың негізгі сипаттамаларының трансформациясының көп аспектілі сипаты әлеуметтік құндылықтардың жаңартылған жүйесін және цифрлық басымдықтарын қалыптастыру жағдайында жоғарғы оқу орындарында техникалық факультет студенттерін кәсіби қайта даярлау мазмұнын қайта конфигурациялауды анықтайды. Жоғарғы білім беру жүйесіндегі осындай өзгерістер жастардың жаңа әлеуметтік-мәдени тәжірибені нақты және виртуалды өмір форматтарының үйлесімімен игеру ауқымын кеңейтуге, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесінің прогрессивті жұмыс істеуі мен дамуының маңызды реттеушісі ретінде соңғы ақпаратты меңгеру мен пайдаланудың жаңа

мәдениетін қалыптастыруға, университет түлектерінің еңбек нарығында ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Университет түлектерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың өзгеруі университеттердің ақпараттық білім беру кеңістігінің әлеуетін компьютерлерді, интернетті және желілік ресурстарды белсенді пайдалану арқылы өзара әрекеттесудің дәстүрлі және электрондық тасымалдаушы, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды толықтыратын үйлестіруінде анықтайды. Студенттерге бастапқы және онымен байланысты кәсіптік қызмет ауқымында өзін-өзі жетілдіру және кеңейту үшін қажетті ғылыми-техникалық жетістіктер туралы соңғы ақпаратты алуға мүмкіндік береді және жоғары автоматтандырылған ақпараттық қоғамда өзін-өзі жетілдіру, технологиялық инновацияларды молайтудағы белсенді «цифрлық азаматтардың» әлеуметтік бастамасының, ұтқырлығы мен тәуелсіздігінің көп функционалды көрінісі, отандық экономика мен әлеуметтік саланың прогрессивті дамуы бойынша креативті және серпінді идеялар.

Жоғарыда айтылғандар қоғамды ақпараттандыру жағдайында жастардың кәсіби және тұлғалық әлеуетін толық іске асыру және қоғамның жедел ақпараттандыру және ғылыми-техникалық прогрестің жағдайына барабар таңдалған кәсіби қызмет саласында жоғары жетістіктерге жетуге ұмтылысын дамыту тұрғысынан қоғамды ақпараттандыру жағдайында университет студенттерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктерін ғылыми зерттеуді талап етеді.

2-тарау бойынша қорытынды:

Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модельге сүйене отырып жүзеге асырылады. Бұл үдеріс студенттердің кәсіби даярлығының сапасын арттыруға бағытталған кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

Педагогикалық шарттар құқықтық білімді кәсіби маңызды қасиеттер жүйесіне енгізуді, оқу-тәрбие процесінде құқықтық мәдениетті қалыптастыруды және студенттердің құқықтық жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Құрылымдық-мазмұндық модель мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық және практикалық-бағалаушылық компоненттердің өзара байланысын көрсетіп, құқықтық құзыреттілік ті қалыптастырудың кезеңдік және жүйелі сипатын айқындайды.

Шетелдік тәжірибе құқықтық білім берудің интегративтік тәсілдерін, студенттердің құқықтық ойлауын дамытуға бағытталған практикалық әдістерді және кәсіби даярлықпен үйлесімді құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсынады.

Жалпы алғанда, екінші тарауда қарастырылған мәселелер студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін нақтылап, оны модельдеу арқылы жоғарғы техникалық білім

берудің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. Бұл үдеріс болашақ мамандардың құқықтық мәдениеті жоғағы, кәсіби жауапты және қоғамда белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

3 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

3.1 Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайы

Қазіргі жоғары білім берудің негізгі мақсаты – қызмет пен кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа ие, өзгермелі сыртқы жағдайларға бейімделуге қабілетті білікті маман (техникалық факультет студенттерін) дайындау. Құзыреттілік қазіргі заманғы ЖОО бітірушінің кәсіби қызметінің ерекшелігін және кәсіби дайындық сапасын сипаттайды.

Кәсіби құзыреттілік тің жалпы түсінігі маманның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі, жұмыс берушінің өтініштеріне жауап беруі, белгілі бір әрекеттерді тиімді орындауға дайындығы тұрғысынан қарастырылады. Құзыреттілікке негізделген тұғыр, көбінесе, экономикалық және әлеуметтік қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын мамандарды даярлау сапасына қол жеткізуге, еңбек нарығындағы сұраныс пен тұлғаның мүдделері мен кәсіби іске асырылуы арасындағы теңгерімді құруға бағытталған.

Құзыреттілік парадигмасының қазіргі жағдайында құқықтық құзыреттілік ті қалыптастыру процесін барабар көрсететін бағалау жүйесін әзірлеп, университеттің техникалық факультет студенттерінің білімін бақылау жүйесін өзгертуді талап етеді. Біз осы міндетті жүзеге асыру үшін тәжірибелік эксперимент жасауды жөн санадық.

Эксперимент базасы ретінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттерін алдық. Экспериментке 64 студент қатысты. Эксперименттік топ ретінде бағдарламасы 6B08701 - «Аграрлық техника және технология», 6B07501- «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандықтарының 2-курс студенттері, ал, бақылау тобы ретінде 6B07201 – «Тамақ өнімдерінің технологиясы» мамандықтарының 2-курс студенттерін алдық.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайын диагностикалауды жүйеленген педагогикалық шарттарын тәжірибе арқылы тексеруден бастадық. Зерттеу барысында педагогикалық шарттарды, яғни университеттің техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін дамыту үдерісін жетілдіруге ықпал ететін жағдайларды анықтаған едік (Кесте 8).

Кесте 8 – Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптасуының бастапқы жағдайын диагностикалау

Педагогикалық шарттар	Мазмұны	Құқықтық құзыреттіліктің құрылымдық элементтері	Диагностикалау әдістері
<i>Бірінші педагогикалық шарт</i> (құқықтық құзыреттілік ті болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері жүйесіне енгізу)	маманның кәсіби қызметіндегі құқықтық білімнің маңыздылығын растайтын практикалық мысалдар арқылы жүзеге асырылды және кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттармен дәлелденді	мотивациялық-құндылық	Авторлық сауалнама
<i>Екінші педагогикалық шарт</i> – техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді әдіс-тәсілі, «Құқықтану» пәнін оқытуда пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы жүзеге асырылды	пәнаралық тәсілді оқу процесінің әртүрлі нысандарында, соның ішінде кіріктірілген сабақтарда, конкурстар мен құқықтық тақырыптар бойынша викториналарда қолдандық	танымдық	Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар
<i>Үшінші педагогикалық шартқа</i> құқықтық пәндерді оқыту үдерісінде рөлдік ойындар, ой қозғау, пікірталас, нақты жағдаяттар әдісі және т.б. қолдану жатады	құқықтық білім беруде рөлдік ойындарды қолдану оқушылардың коммуникативті дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін дамытады және өз ұстанымын сауатты негіздеу қабілетін дамытады	практикалық	Өндірістік практика

Суреттен көріп отырғанымыздай, жүргізілген зерттеуде құқықтық құзыреттілікті құқықтық құндылықтарды тануға негізделген, теориялық және құқықтық дайындықтың бірлігін және кәсіби қызметті жүзеге асыруда құқықтық білім мен дағдылар жүйесін қолдана білу қабілетін көрсететін жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретінде қарастырамыз. Құқықтық құзыреттіліктің құрылымдық элементтерін сызба түрінде көрсеттік (Сурет 10).



Сурет – 10. Құқықтық құзыреттіліктің құрылымдық элементтері

Педагогикалық шарттардың тиімді таңдалғанын дәлелдеуде тәжірибелік экспериментті 3 сатыда жүргіздік (анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау) дәлелдеме нәтижелерін компоненттері мен деңгейлердің көмегімен анықтадық. Анықтау эксперименті сатысында «Диагностика компетенций студентов в профессиональной образовательной организации среднего профессионального образования» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, біз құқықтық құзыреттілік ті болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері жүйесіне енгізу мақсатында авторлық сауалнама жасауға талпындық (Қосымша 1).

Аты-жөніңіз:

Мамандық атауы, курс:

1. «Құқықтық құзыреттілік» ұғымын қалай түсінесіз?
2. Құқықтық құзыреттіліктің басқа құзыреттіліктен айырмашылығы неде?
3. Сіз құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру үшін маман қандай қабілеттерге ие болуы керек?
4. Курс барысында қандай нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыңыз? Атауын жазыңыз.
5. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің ара жігін ашып беріңіз.

Экспериментке қатысқан студенттердің жауаптарынан түсінгеніміз, «құқықтық құзыреттілік» ұғымын түсінгендерімен, теориялық тұрғыда баяндап бере алмады. 13 студент (20,3%) құқықтық құзыреттілікті қоғамда болып жатқан өзгерістерден қалмау үшін қосымша білімдері болуы керек, ал, ондай білімді теледидардан, БАҚ тан, әлеуметтік желіден алуға болады деп түсіндіруге талпынған.

29 студенттің (45,3%) жауаптары ұқсас келді: «құқықтық құзыреттілік кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру нәтижелері игерілген құндылық қатынастарды және қалыптасқан жеке қасиеттерді қамтуы керек» деген екі жақты ой түйіндесе, 18 студент (28,2 %) «жауап беруге қиналамын» деген жауап қайтарған.

5 студент (6,2 %) «құқықтық құзыреттілік әлеуметтік бағытқа ие, өйткені маман өзі қабылдайтын шешімдердің ықтимал әлеуметтік салдарын толық білуі және өз қызметін қоғамның күтулеріне сәйкес бағалауы керек» деген көңілге қонымды ой тұжырымдаған

«Құқықтық құзыреттіліктің басқа құзыреттіліктен айырмашылығы неде?» деген сұраққа «құзыреттіліктері – жеке адамның қабілеті, біліктілігі» деп қысқа түсініктерін жазғаны болмаса, айырмашылықтарын ашып бере алмаған. 3 студент ақпараттық құзыреттілікті Интернетті білу, ақпараттармен қарулану деп түсіндірсе, 1 студент «коммуникативті құзыреттілікті ісіне, кәсібилігіне деген қатынасы» деген пікірін білдірген. Бұл студенттеріміздің жалпы құзыреттіліктер туралы түсініктерінің төмен екендігін көрсетті.

«Сіз құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру үшін маман қандай қабілеттерге ие болуы керек?» деген сұраққа білімі, біліктері мен дағдыларымен қатар кәсібиліктері де жоғары болуы керек, қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері жоғары болуы керек деген жауаптарын берген. Тек 7 студент қана жауапсыз қалдырған.


«Курс барысында қандай нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыңыз? Атауын жазыңыз» деген сұраққа бірқатар ресми құжаттар мен мемлекеттік бағдарламалардың атауларын жазған (мысалы, 2025-2029 жылдарға арналған Білім беруді дамыту Тұжырымдамасы, «Білім туралы» Заң, т.б.).

«Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің ара жігін ашып беріңіз» деген сұраққа сананы философиялық категория дей келе, мәдениеттің өзара ерекшеліктерін ашып бере алған. Кейбіреулері мәдениетті жалпыадамзаттық құндылықтардың бір түрі деген сияқты пікірлер ұсынған (Кесте 9).

Кесте 9 – Сауалнаманың жауаптары

Сұрақтар	Эксперименттік топ (студ.саны)			Бақылау тобы (студ.саны)		
	Жоғары	Орта	Төмен	Жоғары	орта	Төмен
1	3	15	4	2	9	11
2	-	13	9	-	-	22
3	-	7	15	-	5	17
4	6	7	9	5	8	9
5	10	2	10	2	9	11
	3 (9,4%)	22 (68,7%)	7 (21,9%)	2 (6,3 %)	19 (59,4%)	11 (34,3%)

Кестеден көріп отырғанымыздай, эксперимент тобы мен бақылау тобы студенттерінің жауаптарында алшақтық бар екенін байқадық (Сурет 11).



Сурет – 11. Сауалнама жауаптарының диаграммасы

Анықтау экспериментінде көзіміз жеткен кемшіліктер тәжірибенің барысында жоғарғы оқу орындарында техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін қажет екендігін білдік:

- 1) «Құқықтық құзыреттілік», «құзыреттілік» ұғымдары туралы түсініктерінің жеткіліксіздігі;
- 2) құқықтық құзыреттілікті сипаттайтын маманның қабілеттерін бағалай алмауы;
- 3) құқықтық нормалар, құқықтық мінез-құлық түрлері және құқықтық жауапкершілік туралы білімдерінің болмауы;
- 4) цифрландыру жағдайында жастардың кәсіби және тұлғалық әлеуетін толық іске асыра алмауы, т.б.

Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық шарттарының 2-түрін тәжірибеге бағытталған тапсырмалар кешендері арқылы шешуге талпындық (Сурет 12).

Құқықтық бағдарланған мәселелерін шешу барысында құқық, оның мәні мен белгілері, қайнар көздері, құқықтық жүйесі, құқықтық қатынастар, құқықтық нормалар, құқықтық мінез-құлық түрлері және құқықтық жауапкершілік туралы білімдері жаңартылады. Мұндай тапсырмалар теориялық білімді қолдануға және оның игерілу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай тапсырмалар әдетте *дидактикалық тренинг* кезінде семинарларда талқыланады. Тренинг – бірнеше функцияларды қамтитын күрделі ұйымдастырылған әрекет:

- коммуникативті (оқушылар арасында эмоционалдық байланыс орнату);

- ақпараттық;
- дамытушылық (дағдылар мен дағдыларды дамыту);
- интерактивті (жалпы нәтижеге әрқайсысының жеке үлесі негізінде бірлескен іс-әрекеттер кезінде өзара әрекеттесу кезінде даму динамикасын құру мүмкіндігі);
- релаксация (стрессті жеңілдетуге көмектесетін арнайы әдістердің болуы) [104]. Оқыту теорияны практикалық қолданудан тұрады және мәселелер жеке шешіліп, көпшілік алдында талқыланады.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар кешені			
құқықтық бағдарланған - құқық теориясы бойынша білімді меңгеру және қолдану; құқықтық құбылыстарды ғылыми талдауда тәжірибе жинақтау;	құқықтық бағалау - әртүрлі салаларда құқықтық білім алу және құқықтық қатынастар субъектілерінің мінез-құлқының заңдылығы туралы бағалау пайымдауларын қалыптастыру	құқықты қолданушы - білім беру саласында құқықтық нормаларды енгізу тәжірибесін жинақтау; нақты құқықтық қатынастар шеңберінде субъектілердің жобаланған мінез-құлқы	құқықтық тәрбие - оқу қызметін жобалау үшін құқықтық және әдістемелік білімді қолдану; мінез-құлықты модельдеу тәжірибесін жинақтау

Сурет – 12. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар кешендері

Құқықтық бағдарлы мәселелерді шешуге келгенде, студенттен нормалардың құрылымын, құқықтық қатынастардың мазмұнын, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін, құбылыстың белгілерін анықтау үшін бар құқықтық білімдерін пайдалану талап етіледі. Бұл ретте шешім қаралып отырған құқықтық жағдайды теориялық негіздеу сатысында аяқталады. Бұл жағдайда қызметтің өзі репродуктивті сипатта болады.

Әрекетті, құқықтық құжатты, құбылысты талдауда теориялық білімді қолдануға бағытталған авторлық тапсырмаларға мысалдар келтірейік:

1. *АҚ тосқауылының директорлар кеңесі отырысында жер қойнауын одан әрі игеру және пайдалы қазбаларды өндіру мақсатында акционерлік қоғамның жер учаскесін сатып алу жөніндегі ірі мәмілені бекіту туралы шешім қабылданды.*

Осы акционерлік қоғамның бұрынғы директоры В. Алдабергенов алтын үлесті тұлға болғандықтан, осы мәселе бойынша директорлар кеңесінің шешімін тоқтата тұру туралы шешім қабылдады. Компанияның жарғысына сәйкес, бұл мәселе алтын акция иесі келісетін мәселеге қатысты болды. Бұл шешімде В.Алдабергеновтің заңдылығына қатысты мәселе қозғалды. Сұрақтар:

- Компанияның ұйымдық-құқықтық формасын сипаттаңыз?
- Акционерлік қоғамда қандай мәміле ірі болып саналады?

- «Алтын акция» дегеніміз не және Быков осы әрекеттерді орындауға құқылы болама?

- Меншік дегеніміз не?

- Мәміленің жасалу жолдары.

2. Жүсіпов жеке кәсіпкерлікпен айналысуды бастайды және оның қызметі көлік жөндеуге қызмет көрсету болып табылады. Осыған байланысты ол жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мәселесіне қызығушылық танытады. Сұрақтар:

- Жеке кәсіпкерлер қандай жағдайларда міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады?

- Заң жеке кәсіпкердің өз міндеттемелері үшін жауапкершілігін қандай дәрежеде анықтайды?

- Қызмет көрсету дегеніміз не?

- Жеке тұлға дегеніміз?

3. Салық комитетінің салық заңнамасының нормаларын бұзғаны туралы шешімі негізінде 250 мың теңге «Аламан» ЖШС-нің ағымдағы шотынан есептен шығарылды. «Аламан» ЖШС 250 мың теңге қайтару туралы, сондай-ақ оның қаражатын дұрыс пайдаланбауына байланысты пайыздық мөлшері дұрыс есептелмегендігін ескерте отырып талап арыз берді. Шағымды қараған кезде, салық комитеті салық заңнамасын бұзғаны үшін қаржылық санкциялар түрінде «Аламан» ЖШС-нен 250 мың теңге көлемінде негізсіз айып тағылғандығы анықталды. Сұрақтар:

- Мәселенің шарттарына негізделе отырып, қандай шешім сотта қабылданады?

- Мұндай жағдай заңның қандай салаларымен реттеледі?

- Мәселе жағдайларынан қандай мүлктік қатынастарды айыруға болады?

- Сіз айтқан барлық мүлік қатынастары азаматтық заңмен реттеледі ме?

- Қазақстан Республикасының Салық кодексі қабылданған жылы қандай?

- Акцепт дегеніміз не?

- Коммерциялық ұйымның тұжырымдамасын беріңіз?

Қарастырылып отырған жағдайлар барысында салалық білім алу құқықтық бағалау типті тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде мүмкін болады. Тапсырма құқықтық қатынасқа қатысушылардың мінез-құлқын құқықтық талдаудан, сондай-ақ әрекеттің баламалы әдістерін әзірлеуден тұрады. Субъектілердің мінез-құлқының режимін нормативтік құқықтық актілердің ережелерімен салыстырған кезде ғана бағалауға жол беріледі.

Құқықтық бағалау мәселелерін шешу барысында болашақ маман дұрыс шешу үшін білімі жеткіліксіз жағдайлармен жұмыс істейді. Ол құқықтың әртүрлі салаларынан хабардар. Ол жағдайға теориялық талдау жүргізеді және қажетті құқықтық норманы іздейді, оның мазмұнын субъектілердің мінез-құлқымен байланыстырады және болған оқиғаға құқықтық баға береді.

Ол үшін субъективті жаңа болып табылатын құқықтық норманы іздестіру, құқықтық қатынас субъектілерінің мінез-құлқының әртүрлі нұсқаларын бағалау және норманың уақыт бойынша, кеңістіктегі, адамдар арасындағы әсерін тексеру, сондай-ақ шешімнің дәлелі.

Талдау мен құқықтық бағалауды қажет ететін құқықтық жағдайлардың сипаттамасын қамтитын құқықтық бағалау тапсырмаларының мысалдары ретінде мыналарды келтіруге болады:

1. А.Айболатов электрлік қаруды (электр тоғымен соғу) өзін-өзі қорғау мақсатында иеленіп, меншік құқығына ие болады. Белгілі бір жағдайларға байланысты, А.Айболатов шұғыл түрде ақшаға мұқтаж болады, осыған байланысты ол қаруды сатуға шешім қабылдады және оны Б.Баратов атты досына сатып алуды ұсынды. А.Айболатовтің айтуынша, бұл қаруды сатуға және сатып алуға ешқандай рұқсат қажет емес, алайда Б.Баратов бұл мәселеге күмәні бар. Сұрақтар:

1. Азаматтық құқықтар объектілері деп не танылады?
2. Жұмыс істеу қабілетіне байланысты азаматтық құқықтардың қандай нысандары бар?
3. Сіздің ойыңызша, Б.Баратов бұл жағдайда қару сатып ала алама?
4. Меншік құқығы дегеніміз не?
5. Сатып алу-сату шарты қалай жасалады?

2. Коронавирустық эпидемияға (COVID-19) байланысты карантин жариялануына байланысты мекеме басшысы демалыс ұзақтығын қысқарту туралы жиналыста хабарлады. Сұрақтар:

- Бұл заңды ма?

Құқық қорғау (құқық іске асыру) міндеттерін шешу салалық заңнама нормаларын, бірақ ең алдымен білім беру заңнамасын білу болған жағдайда ғана тиімді болады. Себебі, мазмұнына енгізілген жағдайлар оқу процесін ұйымдастыруға, білім алушылардың білім алу құқығын жүзеге асыруға тікелей байланысты. Студент құқықтық нормаға сүйене отырып, белгілі бір жағдайда қандай әрекеттің заңды болатынын анықтауы керек. Осы типтегі есептердің көпшілігінде сұрақтар құрастырылмайды, сондықтан студенттер проблемалық жағдайды талдау бағдарламасын өздері анықтайды.

Оқу процесінде мұндай мәселелерді шешу «заңды кеңес беру» әдісі арқылы келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

- 1) құқықтық қатынастарды теориялық талдау;
- 2) субъектілердің іс-әрекетінің құқықтық нормалардың талаптарымен арақатынасы;
- 3) субъектілердің құқықтық тәртібінің нұсқаларын модельдеу немесе қажетті құжатты әзірлеу арқылы мәселені шешу.

Құқық қорғау міндеттерінің мысалдарын қарастырайық:

1. Ауылдық елді мекенде үлкен су тасқыны болғандықтан, барлық тұрғын үй ғимараттарын жойылады, аудан әкімі су тасқынынан зардап шеккен адамдарға (үйсіз адамдарға) арналған аудан орталығының тұрғындарынан қонақ үй ғимаратын реконструкциялау туралы шешім қабылдады.

Сұрақтар:

1. Реквизиция қандай жағдайларда қолданылуы мүмкін?
3. Зардап етілген мүліктің иесі оған ұсталған мүлікті қайтаруды талап етуге құқылы ма?
4. реконструкциялау ұғымына түсініктеме беріңіз
5. Меншік дегеніміз не?

Құқықтық тәрбие міндеттері маманның құқықтық тәрбиелік қызметінің әртүрлі нұсқаларын модельдеуге мүмкіндік береді. Оларды шешу үшін құқықтық және әдістемелік білім кешені қажет.

Білімнің *бірінші түрі* мазмұнын, *екіншісі* – құқықтық тәрбиенің нысандары мен әдістерін анықтайды. Тапсырманың бұл түрі студенттердің педагогикалық қызметтің аталған саласына дайындығын диагностикалауға мүмкіндік береді. Құқықтық білім беру міндеттерін әзірлеу үшін заң тәжірибесінен алынған нақты істерді және бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген инстанцияларды пайдалануға болады. Мұндай есептерді студент келесі жағдайларда шеше алады:

- 1) құқық теориясын меңгерген болса;
- 2) жағдайға құқықтық баға бере алады;
- 3) егер ол заңды мінез-құлықтың кез келген нұсқасын ұсына алатын болса.

Құқықтық құзыреттілік ті қалыптастыруда өндірістік тәжірибе маңызы зор («тәжірибеде оқыту» стратегиясын қолдану керек). Бұл ретте студенттердің алдына қойылатын негізгі мақсаттар келесідей тұжырымдалады: құқықтық тұрғыдан олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін тәжірибеде байқауға болатын маманның жұмыс тәжірибесін талдау және бұл жерде өздеріне пайдалы нәрсені таңдау. Мұнда студенттер алған теориялық білімдерін тікелей педагогикалық іс-әрекет барысында қолдануға мүмкіндік алады [105].

Айта кету керек, қосымша тапсырмалар студенттердің педагогикалық практикасының бағдарламасына енгізілуі керек. Жергілікті актілердің қарым-қатынасына сүйене отырып, олар жоғарғы оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық мәртебесін анықтауы керек. Мұнда студенттер практика кезінде қандай оқытушылық міндеттерін орындағанын атап өтуге міндетті. Тыңдаушылар мектептің құқықтық кеңістігінің жай-күйін білім алушылардың құқықтарын сақтау, оның ішінде оқу процесіне қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау критерийі, сондай-ақ оқушылардың мектепте қауіпсіз болуы тұрғысынан бағалауы тиіс. Өндірістік тәжірибе барысында студенттерге құқықтық тәрбиелік жобаларды жүзеге асыру қажет болады [106].

Техникалық факультет студенттерінің цифрландыру жағдайында кәсіби және тұлғалық әлеуетін толық іске асыра алмауы, т.б. мәселелердің алдын алу үшін заңгерлік оқу тәжірибесіне цифрлық технологияларды енгізуді және жан-жақты негіздеуді талап етеді. Тиімді цифрлық платформалар мен қосымшаларды іздеу техникалық саладағы болашақ мамандар қызметінің

ерекшеліктерін және олардың кәсіби ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, құқықтық пәндерді оқудың тиімділігін арттыру және құқықтық құзыреттілік пен сананы қалыптастыру процесін қолдау үшін қажет:

- алдыңғы эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, техникалық мамандықтардың студенттері үшін заңгер мамандығы бойынша оқуға ұсынылатын өтінімдерді анықтау;

- Knewton, Casetext, LexisNexis үш цифрлық қосымшаны пайдалана отырып, техникалық мамандықтардың студенттеріне құқықты оқу жоспарын әзірлеу және енгізу;

- зерттеудің эксперименттік бөлігін пайдалана отырып Knewton, Casetext, LexisNexis қосымшаларының тиімділігін зерттеу – жауаптарды талдау және статистикалық өңдеу, білім беру үдерісін өзгертуге, педагогикалық әдістерге көшуге қатысты студенттердің пікірлері және заманауи цифрлық қосымшаларды пайдалану негізінде заң пәндерін оқу жоспары.

Сауалнама жүргізу және экспериментке қатысушылардың жауаптарына статистикалық талдау жүргізу арқылы Knewton, Casetext, LexisNexis қосымшаларының тиімділігін бағалау, нәтижелерді түсіндіру, құқықты зерттеуде қолданбаларды қолданудың практикалық мәнін талдау, сондай-ақ егер әртүрлі статистикалық қолданулардың тиімділігін бағалаудағы тиімділік белгілерінің интерпретациясын алу үшін дисперсияның бір жақты талдауын (ANOVA) жүзеге асыру.


Оқушыларға онлайн сауалнама жүргізілді; Сауалнаманы қамтитын Google Forms студенттерге электрондық пошта арқылы жіберілді. Бұл тәсіл сауалнама жүргізудің және сауалнама нәтижелерін жинаудың автоматтандырылуын, тиімділігін қамтамасыз етті. Сауалнамаға қатысу еріктілік, этика (атап айтқанда, әртүрлі белгілер бойынша кемсітушіліктің болмауы, жауаптардың құпиялылығы, әрбір студенттің құқықтары мен мүдделерін сақтау) және қауіпсіздік қағидаттарына сай болды. Экспериментке Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының бірінен 150 студент қатысты. Респонденттер кездейсоқ таңдалды, респонденттердің іріктемесіне бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс студенттері кірді.

Сауалнама екі бөліктен тұрды: әлеуметтік-демографиялық сипаттағы сұрақтары бар блок және Knewton, Casetext және LexisNexis қосымшаларының тиімділігін бағалауға бағытталған нақты блок (Қосымша Б). Нақты блок J. W. M.Lai J. [112] және т.б. жұмысында сипатталған «Білім беруде технологияларды пайдалануды кешенді бағалау» расталған сауалнамасын қолдануды қамтыды. (2022). Экспериментке қатысушылардан 7 балдық Лайкерт шкаласы бойынша 28 мәлімдемемен келісу деңгейін бағалау ұсынылды (мұнда 0 мүлдем келіспейді, 7 толық келіседі). Ұсынылған мәлімдемелер студенттердің білім беру процесінің сегіз элементі бойынша бағалауын ұжымдық түрде көрсетеді, атап айтқанда, оқу нәтижелері, аффективті элементтер, мінез-құлық, дизайн, технология, оқыту/педагогика, қатысу/қоғамдастық және институционалдық орта туралы студенттің жеке пікірі.


Студенттер қатысқан зерттеулер эксперимент жүргізілген оқу орнының педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді. Сауалнамаға қатысу атын атамау шартымен өтті. Сауалнамаға ересек студенттер қатысты және ақпарат жинау үшін ата-аналардың/қамқоршылардың жазбаша келісімі талап етілмеді. Сондай-ақ зерттеудің этикалық принциптері студенттің зерттеудің кез келген кезеңінде сауалнамаға қатысудан бас тарту мүмкіндігін қарастырды.

Студенттердің жауаптарын саралау үшін біз компьютерлік технологиялардың басты артықшылығы – кодтау жүйесін қолдандық.

Семафор әліппесі



Полибия шаршысы



Біз зерттеу жұмысымызда *екілік кодтауды* қолдандық, яғни, 1 мен 0-ден тұратын екі белгінің тізбегімен жазуға мүмкіндік береді. Бұл белгілер екілік цифрлар немесе *биттер* (*bit – ағылшынша*) деп аталады.

Қазіргі компьютерлерде ақпарат ASCII (American Standart Code for Information Interchange – американский стандартный код для обмена информацией) кодымен беріледі. ASCII Америка Құрама Штатында Стандарттық ұлттық институтында (ANSI) жасалған. Ал, Қазақстанда кириллица символдары бар ASCII-ге альтернативті кодтау (орыс және латын тіліндегі үлкен және кіші әріптер, цифрлар, тыныс белгілер, арифметикалық амалдар, т.б.) қолданылады. АҚШ пен Қазақстандық кодтаудың ортақ белгілері: 8 биттік екілік код және 256 әртүрлі символдарды кодтау.

Зерттеудің белгілі бір кезеңдерінде 24 студент оқудан шеттетілді. Респонденттердің соңғы саны 126 студентті құрады ($N = 126$). Сауалнама 2023/2024 оқу жылының екінші семестрінде жүргізіліп, 4 айға созылды. Респонденттердің іріктемесі туралы толық ақпарат 10-кестеде берілген.

Кесте 10 – Респонденттердің толық сипаттамасы

№	Сипаттамалары	Жиілік	Пайызы
1.	<i>Ел</i>		
	Қазақстан Республикасы	126	100%
2.	<i>Курс</i>		
	Бірінші	29	23,0%
	Екінші	32	25,4%
	Үшінші	44	34,9%
	Төртінші	21	16,7%

3.	<i>Жыныс</i>		
	қыздар	26	20,6%
	Жігіттер	100	79,4%

Дереккөз: автор құрастырған.

Екілік кодтау арқылы пайыздық көрсеткіштің шынайылығын түсіндіруге талпындық. Студенттердің жауаптарын түстерге бөлу арқылы топтастыруға тырыстық. Әрбір түске белгілі бір екілік код сәйкес келді. Мысалы, сұрақтың шешімін табуға септігі тиетін жауапты қара түске сәйкестендіріп, 0 десек, 1 - ақ түске сәйкестендіреді де, жауаптың дәлдігі ақ және қара түсте болады; яғни, 00 – 01 – 10 – 11.

00 – қара түс;

11 – ақ түс;

01 – көк түс;

10 – қызыл түске сәйкестендірдік.

Сұрақтың саны мен күрделілігіне қарай түстердің саны да көбейе береді. Ал, компьютерлік есептеулерде биттің қалыңдығымен өңделеді:

Bit - «binary digit» (екілік сан) сөзінің қысқартылған түрі. Bit қалыңдығы = 1 болса, екі түс (ақ және қара);


bit қалыңдығы = 2 болса, 4 түс (ақ, көк, қызыл және қара);

bit қалыңдығы = 3 болса, 8 түс;

bit қалыңдығы = 4 болса, 16 түс.

Сауалнаманың мәліметтері бойынша сәйкес бағдарламалар керек фигураны (диаграммаларды) экранға шығарып береді.

Зерттеудің бірінші кезеңі оқу жоспарын әзірлеуді, оны енгізуді және бір семестр бойы студенттердің оқу процесін ұйымдастырудың негізі ретінде пайдалануды қарастырды. Әзірленген жоспардың егжей-тегжейі 2-қосымшада берілген. Оқу жоспарын құру және практикалық қолдану кезінде келесі факторлар ескерілді:



Сурет – 12. Оқу жоспарын құру және практикалық қолдануға әсер ететін факторлар

Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыру білім берудің басқа деңгейлеріне ауыстырылуы мүмкін, ал жобаланған тапсырмалардың түрлері мен түрлері мен оларды шешу алгоритмдері, кәсіптік білім беру жүйесі мекемелері құқықтық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайы бізге бұл үдерістің күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетіп берді. Студенттердің құқықтық білім деңгейі, құқықтық мәдениеті мен жауапкершілігі әртүрлі болғандықтан, құқықтық құзыреттілікті қалыптастыруды жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттілігі айқындалды.

Сондықтан бастапқы жағдайды талдау:

- құқықтық білімнің жеткіліктілігін, оны тәжірибеде қолдану қабілетін;
- құқықтар мен міндеттердің ажырамастығын түсіну деңгейін;
- құқықтық ойлау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын;
- кәсіби даярлықпен үйлесімді құқықтық мәдениетті қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

3.2 Жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі

Экспериментке қатысуға келіскен студенттер төрт ай бойы ұсынылған оқу жоспары негізінде құқықтық пәндерді оқыды. Пәндердің тиімділігі *цифрлық білім беру ресурстары, кейс-стади әдісі, проблемалық және жобалық оқыту, аралас (blended learning) және қашықтықтан оқыту технологиялары, геймификация*, сондай-ақ кәсіби бағытталған *симуляциялық оқыту* әдістері арқылы жүргізілді (Кесте 10).

Кесте 10 - Зерттеу тәсілдерін сипаттамасы

Р/с	Әдіс-тәсілдердің атауы	Мәні мен маңызы	Қолданыстағы ерекшеліктері
1	2	3	4

1	<i>Цифрлық білім беру ресурстары</i>	Цифрлық білім беру ресурстары – оқу процесін қолдауға арналған электрондық платформалар, мультимедиялық материалдар, интерактивті тапсырмалар мен деректер базасы.	Олар білім алушыларға оқу мазмұнын кеңінен меңгеруге, ақпаратқа жедел қол жеткізуге және оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, инклюзивті орта қалыптастыруға ықпал етеді.
---	--------------------------------------	--	--

10-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
2	<i>Кейс-стади әдісі</i>	Кейс-стади әдісі құқықтық құзыреттілікті дамытуда тиімді құрал болып табылады. Оның мәні нақты өмірлік жағдайларды талдау арқылы студенттердің құқықтық білімін тәжірибелік тұрғыда қолдануға үйретуінде.	Студенттердің құқықтық құзыреттілігін тек теориялық біліммен емес, практикалық әрекет арқылы бекітіп, олардың кәсіби даярлығын арттыруға ықпал етеді
3	<i>Проблемалық оқыту</i>	Білім алушыларды дайын ақпаратпен емес, проблемалық жағдайларды шешу арқылы жаңа білімді өз бетімен меңгеруге бағыттайтын әдіс. Ол студенттердің сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және дербес шешім қабылдау дағдыларын дамытады	Қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің сыни ойлауын, дербестігін және шығармашылық қабілетін дамыта отырып, құқықтық, әлеуметтік және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда ерекше маңызды
